

**Банктік емес сектордың 2013 жылғы
1 қаңтардағы ағымдағы жағдайы**

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 11 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым жұмыс істеп отыр.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2012	01.01.2013
1	Ипотекалық ұйымдар	4	3
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	10	8
	Жиынтығы	14	11

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 110,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 11,7 млрд. теңгеге немесе 11,9%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 50,3%-ды (55,4 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 21,4% (23,6 млрд. теңге), банктердегі ағымдағы шоттарға – 0,4% (0,4 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға – 24,1% (26,5 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.01.2013		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын а %-бен	млрд. теңге	жиынтығын а %-бен	
Ақша	0,0	0,0	0,1	0,1	100
Ағымдағы шоттар	3,8	3,8	0,4	0,4	-89,5
Бағалы қағаздар	23,0	23,4	23,6	21,4	2,6
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	10,7	10,9	26,5	24,1	2,5 есе
Клиенттерге берілген қарыздар	60,2	61,2	55,4	50,3	-8,0
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,0	4,1	3,0	2,7	-25,0
Клиенттерге ҚҰХС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4,4	-4,5	-3,7	-3,4	-15,9
Басқа активтер	1,1	1,1	4,8	4,4	4,4 есе
Анықтамалық: уәкілетті органның талаптары бойынша клиенттерге ұсынылған қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	5,7	-	4,8	-	-15,8
Активтердің барлығы	98,4	100	110,1	100	11,9

Кредиттік портфель. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 55,4 млрд. теңге болды, бұл 2012 жылдың басындағы көрсеткіштен 4,8 млрд. теңгеге немесе 8,0%-ға төмен.


Стандартты кредиттер үлесі есепті күні 88,1% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 6,8%-дан 4,0%-ға дейін төмендеді, үмітсіз қарыздардың үлесі 7,3%-дан 7,9%-ға көбейді.

Клиенттерге берілген, есепті күнге уәкілетті органның талаптары бойынша құрылған қарыздар және қаржылық лизинг бойынша резервтер (провизиялар) 4,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылдың басындағы көрсеткіштен 0,9 млрд. теңгеге немесе 15,8%-ға төмен.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 98,9%.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2012		01.01.2013	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығын а %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығын а %-бен
Несие портфелі барлығы	60,2	100	55,4	100
Стандартты	51,7	85,9	48,8	88,1
Күмәнді	4,1	6,8	2,2	4,0
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,4	0,7	0,7	1,3
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	0,2	0,3	0,5	0,9
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,1	0,2	0,1	0,2
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1,8	3,0	0,6	1,1
<i>5-санатты күмәнді</i>	1,6	2,6	0,3	0,5
Үмітсіз	4,4	7,3	4,4	7,9


Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы (млрд. теңге)



Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2012 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 6,7 млрд. теңгеге немесе 8,4%-ға көбейіп, 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 86,4 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар көп (58,5%)

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.01.2013		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы на %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Алынған қарыздар	23,8	29,8	30,5	35,3	28,2
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	54,5	68,4	50,5	58,5	-7,3
Басқа кредиторлар	0,3	0,4	0,2	0,2	-33,3
Басқа міндеттемелер	1,1	1,4	5,2	6,0	4,7 есе
Міндеттемелердің барлығы	79,7	100	86,4	100	8,4

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы



Капитал.

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 23,7 млрд. теңге болды, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 5,0 млрд. теңгеге көп.


2012 жылғы 12 ай бойындағы есептік меншікті капитал 7,1 млрд. теңгеге көбейіп, 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 24,4 млрд. теңге болды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2012	01.01.2013
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңгемен	29,0	35,2
Есептелген меншікті капитал, млрд. теңгемен	17,3	24,4
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,178	0,208
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,204	0,241
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,204	0,258

Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0,3 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 10,7 млрд. теңге (2012 жылғы 1 қаңтарда – 11,1 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 10,4 млрд. теңге (2012 жылғы 1 қаңтарда – 17,3 млрд. теңге) болды

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.01.2012	01.01.2013	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	8,4	7,6	-9,5
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	9,4	8,6	-8,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,7	3,1	14,8
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	7,9	1,8	-77,2

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (47,7% немесе 5,1 млрд. теңге), ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (64,4% немесе 6,7 млрд. теңге) біршама көп үлес алады.



Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Активтер. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) жиынтық активтері 2012 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 6,5 %-ға ұлғайып, 559,5 млрд. теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 27,6% (154,2 млрд. теңгені), дебиторлық берешек – 16,5% (92,4 млрд. теңгені), ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері – 7,6% (42,6 млрд. теңгені) құрайды.

Жиынтық активтердің құрылымы млрд. теңгемен	01.01.2012	жиынты ғына %- бен	01.01.2013	жиынты ғына %-бен	Өсімі %- бен
Активтер, оның ішінде:	525,5	100	559,5	100	6,5
Ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері	34,7	6,6	42,6	7,6	22,8
Орналасырылған салымдар	7,2	1,4	5,6	1,0	-22,2
Бағалы қағаздар	10,0	1,9	9,2	1,6	-8,0
Берілген қарыздар	144,3	27,4	154,2	27,6	6,9
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	17,5	3,3	22,3	4,0	27,4
Дебиторлық берешек	73,4	14,0	92,4	16,5	25,9
Басқа активтер	238,4	45,4	233,2	41,7	-2,2

Міндеттемелер. Банктік емес ұйымның есепті күнгі міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 7,5%-ға артып, 311,4 млрд. теңге болды. Ұйым міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар ең көп үлеске ие – 60,2% (187,5 млрд. теңге).

Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млрд. теңгемен	01.01.2012	жиынты ғына %- бен	01.01.2013	жиынты ғына %-бен	Өсімі %- бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	289,7	100	311,4	100	7,5
Тартылған салымдар	15,1	5,2	16,1	5,2	6,6
Алынған қарыздар	186,8	64,5	187,5	60,2	0,4
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	59,7	20,6	72,4	23,2	21,3
Кредиторлық берешек	11,1	3,8	13,6	4,4	22,5
Басқа міндеттемелер	17,0	5,9	21,8	7,0	28,2

Кредиттік портфель. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтықты несиелік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 63,9%, күмәнді –19,5% және үмітсіз – 16,6% болады, ал 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 57,5%, күмәнді – 30%, үмітсіз – 12,5% болған.

Капитал. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктік емес ұйым капиталының жиынтықты көлемі 2012 жылғы осы күнгі жағдай бойынша деректерімен салыстырғанда 12,3 млрд. теңгеге көбейіп, 248,1 млрд. теңге болды.

(млрд. теңге)

	01.01.2012	жиынты ғына %- бен	01.01.2013	жиынты ғына %-бен	Өсімі %- бен
Капитал	235,8	-	248,1	-	5,2
Жарғылық капитал	218,2	92,5	226,1	91,1	3,6
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	-7,7	-	-3,5	-	-